

**Мажиев Гилимбек Жәдігерұлының «Дін мен зайырлы мемлекет қатынасының әлемдік және қазақстандық үлгісі: салыстырмалы дінтанулық талдау» тақырыбындағы PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы туралы ғылыми көнешшінің**

## **ПІКІРІ**

Қазіргі әлемде дін мен зайырлы мемлекет арасындағы қатынас көптеген елдер үшін маңызды және күрделі мәселе. Әралуан тарихи, мәдени және саяси ерекшеліктерге байланысты мемлекеттер бұл қатынасты әртүрлі тәсілдермен қалыптастырады. Діннің қоғамдағы орны, мемлекеттік саясаттағы рөлі және оның азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына ықпалы тек жекелеген елдерде ғана емес, жаһандық деңгейде де талқыланатын өзекті мәселелердің бірі.

Қазақстан, көпконфесиялық және көпэтности мемлекет ретінде, зайырлы қағидаларды ұстанып, дінаралық және ұлтаралық келісімді сақтау бағытында ерекше жол қалыптастыруды. Елдің конституциялық негіздері зайырлылықты қамтамасыз етсе де, діннің қоғамдағы мәдени, рухани және әлеуметтік ықпалы артып келеді. Бұл үрдіс халықаралық тәжірибемен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктерге ие.

Әлемдік тәжірибеде дін мен мемлекеттің қарым-қатынасының түрлі үлгілері бар. Олар толық ажырату (АҚШ), біртұтас мемлекеттілік (Сауд Арабиясы), мемлекет пен діннің серіктестігі (Германия) сияқты тәсілдер әртүрлі нәтижелерге алып келуде. Қазақстанның осы түрғыдағы саясаты әлемдік үлгілерден ерекшеленеді және өзіне тән жол қалыптастыруы әлі де өзекті. Бұл ерекшеліктерді зерттеу, оларды салыстыра отырып талдау зайырлы мемлекет пен діннің өзара әрекеттесуінің тиімді үлгісін анықтауға мүмкіндік береді.

Осы зерттеудің өзектілігі әлемдік және қазақстандық зайырлы тәжірибелерді салыстыра отырып, дін мен мемлекет қатынасының тиімді механизмдерін анықтау қажеттілігімен байланысты. Қазақстанның бұл саладағы тәжірибесі дінаралық келісім мен зайырлы қағидаларды дамыту бойынша басқа елдерге үлгі болуға ұмтылуы тиіс. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері қоғамның діни және саяси салаларындағы өзекті мәселелерді шешүге, діни экстремизмнің алдын алуға және тұрақтылықты сақтауға ықпал етуі мүмкін. Осылайша, дін мен зайырлы мемлекет қатынасының әлемдік және қазақстандық үлгісін салыстырмалы дінтанулық талдау арқылы зерттеу ғылыми және практикалық маңыздылыққа ие болып табылады.

Сол себепті, Мажиев Гилимбектің «Дін мен зайырлы мемлекет қатынасының әлемдік және Қазақстандық үлгісі: салыстырмалы дінтанулық талдау» тақырыбындағы PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы дінтану ғылымы саласындағы өзекті тақырыптардың бірі деп сеніммен айта аламыз. Бұл зерттеу зайырлылық пен

діни институттардың қатынастарын талдап, әлемдегі және Қазақстандағы тәжірибелерін салыстыруды мақсат тұтады.

Диссертацияда зайырлылықтың теориялық негіздері, оның шетелдік және отандық үлгілері жан-жақты қарастырылған. Автор дін мен зайырлы мемлекеттің тарихи қалыптасуын, ислам елдеріндегі зайырлылықтың ерекшеліктерін және Қазақстанның зайырлылық жолындағы дамуын талдап, жаңа ғылыми тұжырымдар ұсынған. Зерттеу барысында тарихи, әлеуметтік және құқықтық аспектілер де терең зерттеліп, диссертация өзекті және ғылыми жаңалығы бар деп айтуға болады.

Зерттеу тақырыбының ерекшелігі автордың зайырлылық пен дін қатынастарын батыс елдеріндегі, ислам елдеріндегі және Қазақстан Республикасындағы тәжірибелерді салыстыра отырып, тұжырымдар жасағандығында. Әсіресе, Қазақстанның зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуы мен даму перспективаларына арналған бөлімдері ғылыми құндылыққа ие. Нактырақ айтсақ, диссертациялық жұмыста негізгі үш тарау беріліп, зерттеудің алдына қойған мақсатына жете алған.

Ең алдымен докторант кіріспе бөлімінде зерттеу тақырыбының өзектілігі, зерттеу нысаны мен пәні, мақсаты мен міндеттері, әдіснамалық негізі, зерттеудің ғылыми жаңалығы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар, сондай-ақ зерттеудің теориялық және практикалық маңызына тоқталған.

Негізгі бөлімнің бірінші тарауында зайырлы мемлекет пен дін арақатынасының теориялық және методологиялық аспектілері қамтылған. Бұл тарауда зайырлылық категориясының мәні мен мазмұны ашылады, зайырлы мемлекет ұғымының сипаттары мен исламдағы зайырлылық көріністері қарастырылады.

Ал, екінші тарауда қазіргі мемлекеттік басқару жүйесіндегі зайырлылық принциптеріне назар аударады. Мұнда батыс елдері мен ислам елдеріндегі дін мен мемлекет қатынасының ерекшеліктері талданады, сондай-ақ зайырлылықтың әртүрлі үлгілері мен даму тенденциялары қарастырылады.

Үшінші тарауда Қазақстан Республикасының зайырлылық бағыты мен оның тарихы, қазіргі жағдайы, даму тенденциясы талданған. Бұл тарау Қазақстандағы зайырлы мемлекет пен діни бірлестіктердің қарым-қатынасы, зайырлылықтың құқықтық және әлеуметтік аспектілері, сондай-ақ оның дамуы жолдарын қарастырады.

Сонымен қатар, кіріспе бөлімінде зерттеу тақырыбының өзектілігі, зерттеу нысаны мен пәні, мақсаты мен міндеттері, әдіснамалық негізі, зерттеудің ғылыми жаңалығы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар, сондай-ақ зерттеудің теориялық және практикалық маңызы сипатталады. Қорытынды бөлімінде зерттеу нәтижелері мен негізгі тұжырымдар жинақталып, ұсыныстар беріледі, ал пайдаланылған әдебиеттер тізімі жұмыста қолданылған барлық дереккөздерді қамтиды. Диссертацияға қосымша ретінде зерттеуге қатысты қосымша материалдар мен деректер жинақталған.

Жалпы алғанда, Мажиев Гилимбек өз алдына қойған міндеттерін сәтті орындаған, диссертация логикалық құрылыммен жазылған, ғылыми тілі мен стильдік ерекшеліктері талаптарға сай келеді. Жұмыстың нәтижелері мен

қорытындылары нақты дәлелдермен бекітілген, қолданылған әдіснамалар ғылыми негізделген.

Диссертациялық жұмыс еліміздегі зайдырылған мемлекеттің дамуына қатысты құнды мәліметтер беріп, мемлекеттік және ғылыми органдардың назарын аударуға лайық.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Мажиев Гилимбектің диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынуға және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толықтай лайық деп санаймын.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,  
Дінтану кафедрасының профессоры, философия  
ғылымдарының докторы

Затов Қ.А.



Затов Қ.А.	қолын растаймын
подпись заверяю	<i>[Signature]</i>
карандаш кадр бөлімі отдел кадров	